**«Ақтөбе облысының білім басқармасының Байғанин ауданының білім бөлімі» ММ-сі**

**«Ақтан жырау негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау нәтижелерінің қорытындысы**

**15.06.2024ж**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын (бұдан әрі-Заң) 59 бабының 4-1 тармағын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы», « Ақтан жырау негізгі мектебі» КММ-нің кезектен тыс 2024ж. 03.06 күнгі кезектен тыс педагогикалық кеңес шешімі 2024 ж **03.06 № 39 н/қ** бұйрығының негізінде 06-20.06 аралығында мектеп жұмысына өзін-өзі бағалау жұмысы ұйымдастырылып өткізілді. Өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізуде 2024 ж 03.06 **№ 39-н/қ** бұйрығымен бекітілген комиссиясымен келесі құрамда өткізіледі.

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Абишова Анаргул | мектеп директоры, комиссия төрағасы |
| 2 | Мурынбаева Нурзипа Сисеновна | математика пәнінің мұғалімі,тәлімгер комиссия мүшесі |
| 3 | Кенжебай Бану Тілепбергенқызы | физика пәнінің мұғалімі,комиссия мүшесі |
| 4 | Набиева Роза Шаңдыбаевна | дене шынықтыру пәнінің мұғалімі |
| 5 | Табынбай Әсел Толышқызы | шарушылық меңгерушісі, комиссия мүшесі |

Комиссия құрамы Ақтан жырау негізгі мектебінің жұмысына өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп білім беру ұйымын бағалау өлшемшарттарына сай берілетін білім беру қызметінің сапасының Қазақстан Республикасының мемлкеттік жалпыға міндетті білім беру (МЖМБС) стандарттарына сәйкестігін зерделеп талдады



«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ БАЙҒАНИН АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ»МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ «АҚТАН ЖЫРАУ НЕГІЗГІ МЕКТЕБІ» КММ

«ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ БАЙГАНИНСКОГО РАЙОНА УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ» КГУ АКТАН ЖЫРАУСКАЯ ОСНОВНАЯ ШКОЛА

Бұйрық № 39

«03» маусым 2024ж

**«Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу туралы»**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» №319 Заңының (бұдан әрі-Заң) 59 бабы, 4-1 бөлімінің талабына сай жыл сайын өзін –өзі бағалауды жүргізуді ұйымдастыру мақсатында Ақтан жырау негізгі мектебінде «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» заңдылықтарға сәйкес, өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу кезінде бірыңғай тәсілді мен ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында

**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н**

«Ақтан жырау негізгі мектебі» КММ-інде 2024 жыл 03 маусым мен 20 маусым аралығында мектепішілік өзін-өзі мониторингін жүргізу жұмыстары ұйымдастырылсын.
Мектепішілік өзін-өзі аттестациялауды ұйымдастыруға және өткізуге байланысты төмендегідей комиссия құрамы бекітілсін:
1.Абишова Анаргул –комиссия төрайымы,мектеп директоры
Комиссия мүшелері:
2.Мурынбаева Нурзипа Сисеновна–математика пәнінің мұғалімі, педагог зерттеуші
3.Кенжебай Бану Тілепбергенқызы- физика пәнінің мұғалімі,педагог-сарапшы
4.Набиева Роза Шандыбаевна –дене шынықтыру пәнінің мұғалімі.1- санатты педагог
5.Табынбай Әсел Толышқызы-шаруашылық меңгерушісі

2.Комиссия мүшелеріне «Өзін-өзі бағалау материалдарын» мектептің интернет-ресурстарына орналастыру міндеттелсін.

3.Осы бұйрықтың орындалуына бақылау басшылық жасау өз міндетіме қалдырылсын.

Мектеп директоры: А.Абишова

**1.Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы**

| |
|---|
| **Білім беру ұйымының аталуы, орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан мекен-жайы)**<br>«Ақтөбе облысының білім басқармасының Байғанин ауданының білім бөлімі» ММ-нің «Ақтан жырау негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі<br>Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Ақтан көшесі үй №31, |
| **Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт)**<br>**Телефон: 8 (71359-40-7-07;** Электронды почта: **akfan.nm 2014@mai1.ru** |
| **Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының ФАӘ және лауазымға тағайындау бұйрығы туралы деректер)**<br>Абишова Анаргул, «Байғанин ауданының білім бөлімі»ММ-нің 2013 жылғы 10 маусым № 16-Ж-Қ бұйрығымен мектеп директоры болып тағайындалған.<br>ұялы телефоны: 87786923365, |
| **Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар**<br>Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама 2021 жылғы 14 қаңтарда берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 11.06.2004 жыл, БСН-040640005762.<br>**Құрылтайшысы**: «Байғанин ауданының әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі. Ақтан жырау негізгі мектебінің жарғысы Ақтөбе облысы әкімдігінің 23желтоқсан №469 2020 жылғы қаулысымен бекітілген |
| **2.Кадрлық құрамға талдау** |

***Тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтер туралы мәліметтер немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат, оның ішінде базалық білімі жоқ педагогтер туралы мәліметтер;***

**2023-2024 оқу жылы.** “Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы” Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 14 шілдедегі № 339 бұйрығы негізінде білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тексерілді. Мектептің педагогикалық ұжымының сапалық және сандық құрамының талдауы мектептің қажетті оқу – педагогикалық потенциалымен толық қамтылған. Мектепте Қазақстан Республикасы мемлекеттік стандартымен қарастырылған барлық пәндер жүргізілген. Педагогтердің жеке іс-құжаттары, еңбек және санитарлық кітапшалары талапқа сай келеді. 2023-2024 оқу жылындағы жағдай бойынша **бастауыш сыныптарға сабақ беретін (бастауыш мұғалімдері) – 3 мұғалім**. Оның ішінде - “педагог-зерттеуші” – 2мұғалім, “педагог-сарапшы” **– 1мұғалім, Сапалық құрам – 100 % құрап отыр. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары бойынша ШЖМ үшін - 25%-дан кем болмауы тиіс. Талапқа сәйкес келеді деп бағаланады.**

**Негізгі орта деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы, яғни** 5-9 сыныптарға сабақ берген пән мұғалімдері - **14.** Оның ішінде – жоғары санатты – 1,бірінші санатты – 1, “педагог-зерттеуші” – 2 мұғалім, “педагог-сарапшы” – 3, Сапалық құрам – **50%** құрап отыр. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары бойынша **ШЖМ үшін -25 %-**дан кем емес, талапқа сәйкес келеді деп бағаланады.


Куәлік
Біліктілік санатын беру үшін педагог қызметкерді аттестаттау туралы
Осы куәлік Набиева Роза Шандыбаевнаға
(тегі, аты, әкесінің аты)
Біліктілік санаттарын беру жөніндегі аттестаттау комиссиясының 2018 жылғы № 2 шешіміне және Байғанин аудандық білім бөлімінің 2018жылғы «28»наурыз № 76
(білім беру ұйымының толық атауы) бұйрығына сәйкес
«Біліктілік деңгейі бірінші санатты дене шынықтыру пәні мұғалімі талаптарына сәйкес келеді» атағы берілді
Аттестаттау комиссиясының төрағасы (қолы) Досқулов С.К (тегі, аты, әкесінің аты)
Аттестаттау комиссиясының хатшысы (қолы) Сарбала Л.А (тегі, аты, әкесінің аты)
Мөрдің орны
Тіркеу нөмірі № 53
Берілген күні 2018 ж «1» 04


Осы куәлік Абишова Анаргулге берілді
Комиссия төрағасы Л.Уразбаева
Комиссия хатшысы Г.Есенгалиева
Председатель комиссии Л.Уразбаева
Секретарь комиссии Г.Есенгалиева







6. Актобе қаласы мен аудандардың білім бөлімдері:

1) Аттестатталушы педагогтер мен олардың оқушыларының республикалық және халықаралық деңгейдегі конкурстарға қатысуын белсенділігін арттырсын;

2) «Е-портфолио» жүйесінің талаптарға сәйкес толтырылуы қадағалансын;

3) 2020 жылғы 1 қыркүйектен бастап аттестатталушы педагогтардың еңбек ақыларын қағидаға сәйкес төлеу жүктелсін.

Басқарма басшысы Ж. Батырхан















ПЕДАГОГКЕ БІЛІКТІЛІК САНАТЫН БЕРУ ТУРАЛЫ

КУӘЛІК

ОСЫ КУӘЛІК ОТАРОВА ГУЛДАУРЕН ТӨЛЕПКЫЗЫНА БІЛІКТІЛІК САНАТТАРЫН БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯНЫҢ ШЕШІМІНЕ СӘЙКЕС "БАЙҒАНИН АУДАНДЫҚ БІЛІМ БӨЛІМІ" ММ 12.07.2021 ЖЫЛҒЫ № 102 БҰЙРЫҒЫМЕН БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМІ ЛАУАЗЫМЫ БОЙЫНША «ПЕДАГОГ-САРАПШЫ» БІЛІКТІЛІК САНАТЫ БЕРІЛДІ.

ОСЫ КУӘЛІК 12.07.2026 ЖЫЛҒА ДЕЙІН ЖАРАМДЫ

АТТЕСТАТТАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ: Р.ХАЙЫРМУХАНБЕТОВ

ТІРКЕУ НӨМІРІ: 4L6313

БЕРІЛГЕН КҮНІ: 12.07.2021 ЖЫЛ

БЕРГЕН ОРНЫ: БАЙҒАНИН АУДАНЫ

eportfolio.kz



УДОСТОВЕРЕНИЕ

ПЕДАГОГА О ПРИСВОЕНИИ КВАЛИФИКАЦИОННОЙ КАТЕГОРИИ

НАСТОЯЩЕЕ УДОСТОВЕРЕНИЕ ВЫДАНО ОТАРОВОЙ ГУЛДАУРЕН ТӨЛЕПКЫЗЫ В ТОМ, ЧТО В СООТВЕТСТВИИ С РЕШЕНИЕМ КОМИССИИ ПО ПРИСВОЕНИЮ КВАЛИФИКАЦИОННЫХ КАТЕГОРИЙ, ПРИКАЗОМ ГУ "БАЙГАНИНСКИЙ РАЙОННЫЙ ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ" № 102 ОТ 12.07.2021 ГОДА, ПРИСВОЕНА КВАЛИФИКАЦИОННАЯ КАТЕГОРИЯ «ПЕДАГОГ-ЭКСПЕРТ» ПО ДОЛЖНОСТИ УЧИТЕЛЬ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ.

НАСТОЯЩЕЕ УДОСТОВЕРЕНИЕ ДЕЙСТВИТЕЛЬНО ДО 12.07.2026 ГОДА

ПРЕДСЕДАТЕЛЬ АТТЕСТАЦИОННОЙ КОМИССИИ: Р.ХАЙЫРМУХАНБЕТОВ

РЕГИСТРАЦИОННЫЙ НОМЕР: 4L6313

ДАТА ВЫДАЧИ: 12.07.2021 ГОДА

МЕСТО ВЫДАЧИ: БАЙГАНИНСКИЙ РАЙОН

eportfolio.kz

«Ақтан жырау негізгі мектебі» КММ-де педагогтер саны – 17, оның ішінде тиісті бейіні бойынша жоғары педагогикалық білімі бар педагогтер – **16**; қайта даярлау курсынан өткен педагог – **1** (Кенжебай Б.Т);ал арнаулы орта білімі бар педагогтер саны – 1. Сапалық құрам – 94,11 **%**















***кемінде бес жылда бір рет педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру/растау туралы мәліметтер;***

Кемінде бес жылда бір рет біліктілік санатынның деңгейін арттыру/растау "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 13317 болып тіркелген) өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің 2024 жылғы 02 сәуірдегі №72 бұйрығы(Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 02 сәуірдегі №34217 болып тіркелген)сәйкес жүзеге асырылған.

**2023-2024 оқу жылында** аталған бұйрыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізілуіне байланысты біліктілік санатын беру немесе растау 2024 жылдың шілде айында 5педагог тест тапсыруға дайындық үстінде және өтініш беру жоспарлануда.

***білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен конкурстар мен жарыстардың соңғы бес жылдағы аудандық және/немесе облысты кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе***

***республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (бар болған жағдайда) туралы мәліметтер;***

**Зерделеу нәтижелері:** 2023-2024 оқу жылдары жалпы білім беретін үлгілік оқу жоспарларына сәйкес вариативті компоненттің оқу жүктемесінің жұмыс оқу жоспары, сабақ кестесі жасалып, бекітілген.







**2023-2024 оқу жылында** қашықтықтан білім алу барысында да оқушыларымыз көптеген байқауларға қатысып, аудан, облыс көлемінде өз білімдерін жоғары деңгейде көрсете алды.
«Елбасы – ел тірегі» эссе байқауы II орын, қазан айы Жетекшісі Бекенова А.Б.
«Ақберен» байқауы эссе бағыты II орын, қазан Сүлейменұлы Нұртілек 9 кл. Жетекшісі:Бекенова А.Б. “Эссе жазу” бағыты бойынша Алғыс хат, жетекшісі:Әбіл А.С. **Аудандық “Ақберен” байқауына қатысып** Аудандық “Ақберен” байқауына қатысып “Эссе жазу” бағыты бойынша Алғыс хат, жетекшісі:Бекенова А.Б.

| Оқу жылы | Қатысқан оқушылар саны | Аудандық | | | Облыстық | | | Республикалық | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 1орын | 2орын | 3орын | 1орын | 2орын | 3орын | 1орын | 2орын | 3орын |
| 2023 -2024 | 10/6 | 3 | 2 | 3 | 1 | 2 | 3 | | | |




5-9 сынып оқушылары арасында республикалық «Тарих ата» қашықтық олимпиадасының қорытынды туры бойынша:

| | Қатысқан оқушылар саны | Аудандық | | | Облыстық | | | Республикалық | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 1орын | 2орын | 3орын | 1орын | 2орын | 3орын | 1орын | 2орын | 3орын |
| 2023-2024 | 3 | | 1 | 1 | | | | | | |

**2023 – 2024 оқу жылында**
Оқушылардың жаратылыстану – математика бағыты бойынша және басым бөлігінің болашақ мамандықтарына дайындау мақсатында және сұраныстары негізінде таңдау пәндерінен білімдерін кеңейту үшін вариативтік компонент бөлігіндегі таңдау пәндері көлемінен
**3-4-**кластарында мектеп компоненттен, математика пәнінен білім алушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамыту, логикалық ойлау кабілеттерін арттыру үшін **«Математика және логика»** ***аптасына 1 сағаттан*** жүргізіледі. Бастауыш класс оқушыларының математикалық олимпидалар мен байқауларға қатысып жеткен жетістіктері де болды.Аудандық «Бастау» 2-4 сынып оқушыларына арналған математикалық олимпиада «Натурал» командасы II орын. Жетекшісіі:Нурбергенова Ж.С
**2023-2024 жж Аудандық “Бастау”** атты математикалық құрама топтық олимпиадасында “Қыран тобы” Алғыс хатпен марапатталды. Жетекшісі:Нурбергенова Ж,С **Аудандық “Кішкентай білгірлер”** олимпиадасында қатысты.
4-сынып оқушылары арасында өткен **аудандық «Кішкентай білгірлер»** интеллектуалдық командалық олимпиадасында жүлделі II орынға ие болған 4-сынып білім алушыларынан құралған ***«Жас білімпаздар»*** **командасы**.

**2023 – 2024ж 5-6 сынып оқушылары арасындағы олимпиада қорытындысы:**
Барлығы аудандық кезеңге 3 оқушы қатысты.
2 орын – математика пәні бойынша Ғабитұлы Бейбарыс
Жалпы білім беретін пәндер бойынша 5-6 сыныптар арасындағы пәндік олимпиаданың аудандық кезеңі бойынша:

- ✔ Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша: ІІІ орын 5 класс оқушысы Турар Аяулым
- ✔ Қазақстан тарихы пәні бойынша: ІІІ орын 6 класс оқушысы Ешмухан Бекарыс

| Оқу жылы | Қатысқан оқушылар саны | Аудандық | | | Облыстық | | | Республикалық | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 1орын | 2орын | 3орын | 1орын | 2орын | 3орын | 1орын | 2орын | 3орын |
| 2023-24 | 3 | | 1 | 2 | | | | | | |

5-6 класс оқушылары арасында облыстық « **Достық – 2024**» (матем, қазақ тілі, тарих, ағылшын тілі) олимпиадасының жеңімпаздары: Ешмухан Бекарыс -ІІІ орын. Мақтау қағазымен марапатталды.

| Оқу жылы | Қатысқан оқушылар саны | Аудандық | | | Облыстық | | | Республикалық | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 1орын | 2орын | 3орын | 1орын | 2орын | 3орын | 1орын | 2орын | 3орын |
| 2023-24 | 1 | | | 1 | | | | | | |

***Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың аудандық, облыстық кезеңдері бойынша нәтиже:***

**2023-2024 оқу жылында** пәндік олимпиада қараша айының 26-27 күндері өткізілді, мектепішілік олимпиадаға негізгі пәндер бойынша 8-9-сыныптардан қатысушылар саны – 7 оқушы болды. Оның ішінде екі турдан өте жоғары балл жинаған жүлдегерлер саны – 3. (%). І орын - 1 оқушы 9-сынып оқушысы Сүлейменұлы Нұртілек (қазақ тілі мен әдебиет) ІІІ орын- 2 оқушы,Далапруз Бағылан,Бақытов Диас

***2023 – 2024 оқу жылдарындағы Интеллектуалдық ойын-сайыстарға қатысу көрсеткіштері:***

| Оқу жылы | Ақбота | | Кенгуру | | КИО | | Пони | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | қатысты | орын алды | қатысты | орын алды | қатысты | орын алды | қатысты | орын алды |
| 2023 - 24 | 10 | 8 | 5 | 5 | 3 | 2 | 5 | 5 |

Оқушыларға ынтымақтық тірегі, руханияттың күзетшісі болатын театр өнері арқылы эстетикалық сезімдерін және оның адам өміріндегі рөлі мен маңыздылығы туралы түсінігін қалыптастыру мақсатында Ешмухан Бекарыс «Мың бала» интеллектуальды білім сайтының ұйымдастыруымен оқушылар арасында өткен Республикалық олимпиадаға «Қазақ тілі» пәні бойынша қатысып қатысып үздік нәтиже көрсеткені үшін 1-Дәрежелі Дипломмен марапатталды.
**“Мағжан оқулары” 3 орын Қойлыбаева Қарақат,**жетекшісі:Бекенова А.Б
2023 -2024оқу жылында аудандық **«Аламан»** олимпиадасының жүлдегерлері: математика пәні бойынша Далапруз Бағылан 2- орын – жетекшісі Шаңдыбаева Г.Б
Биология пәні бойынша Қойлыбаева Қарақат 2- орын, жетекшісі: Раманкулова Қ.

PDF
Сертификат.pdf

Мұғалімнің тиімді ұйымдастырылған кәсіби қызметі мектептің табысты дамуының негізгі негізі болып табылады. Шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалім ұжымда сәттілік жағдайын жасайды. Мектепте осы мәселеде мақсат қойылған: білім берудің жаңартылған мазмұнын енгізу жағдайында білім берудегі өзгерістерге икемді жауап бере алатын мұғалімнің мотивациялық, мазмұнды және технологиялық дайындығын қалыптастыру бағыттарын әзірлеу және жағдай жасау. Білім беруді дамыту жағдайында қазіргі заманғы мектепке мұғалімнің жаңа "түрі" қажет - шығармашылық тұрғыдан ойлайтын, білім берудің заманауи әдістері мен технологиялары, психологиялық-педагогикалық диагностика әдістері, нақты практикалық іс-әрекет жағдайында педагогикалық процесті өз бетінше құру әдістері, оның түпкілікті нәтижесін болжай білу. Сонымен қатар, шығармашылық деп жаңа өнімді, жаңа технологияларды, әдістерді, әдістерді, әдістерді жасау ғана емес, сонымен қатар мұғалімнің әлеуетті қабілеттерін, оның өзін-өзі дамыту қажеттіліктерін жүзеге асыру түсініледі. мұғалімдердің өзін – өзі дамытуға деген ынтасы мектепте олардың инновациялық қызметіне-шығармашылық ортаға жағдай жасауға ықпал етеді. Осындай дағдыларға ие біздің

педагогтар түрлі конкурстарда өздерінің кәсібилік деңгейін көрсетеді. **Білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен конкурстар мен жарыстардың аудандық және/немесе облыстық кезеңдерінің Шығармашыл педагогтың жұмысында оқушыларды пәндік олимпиадаларға, конкурстарға дайындау да ерекше орын алады. Бұл кестеде біздің балаларымыздың аудандық, облыстық және республикалық конкурстарға қатысу деңгейі қандай екендігі көрсетілген. Оқу жылы Аудандық, облыстық деңгейдегі жүлдегерлер саны**

Оқушы жетістігі.pdf Мұғалім жетістігі.pdf

Біртұтас тәрбие бағдарлама.pdf Оқу тәрбие жұмысының жоспары.pdf

# 2023-2024 оқу жылындағы біртұтас тәрбие жұмысының есебі:

2023-2024 оқу жылы бойынша Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша жылдық жоспар құрылып іс шаралар өткізілді.

Жалпыазаматтық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу. Біртұтас тәрбие бағдарламасы ұлттық адами құндылықтарға негізделген.

Тәрбие мақсаты: жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

ата-ананың өсиетін тыңдауға, перзенттік парызын түсінуге, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге тәрбиелеу;

ұлттық мұраны қастерлеуге; қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу;

жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру;

денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ой тазалығына және эмоционалды тұрақтылыққа баулу;

табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Бүгінгі өскелең ұрпақ тәрбиесі еліміздің болашақтағы жарқын келбетін айшықтайды. Құндылық адамның өмірлік ұстанымына, таңдауына, шешім қабылдауына ұстын болатын көзқарастар жүйесін қалыптастыруға ықпал етеді, оның іс-әрекетін, мінез-құлқын анықтайды.

Әдептілік, әділеттілік, мейірімділік, адалдық, отаншылдық, қамқорлық, жауапкершілік, еңбекқорлық, бірлік, ризашылық, бауырмашылдық, ұлттық мұра мен қазақ тілін қастерлеу, қоғам игілігіне қызмет ету, салауатты өмір салтын ұстану секілді қасиеттерді қалыптастыруға тұғыр болатын ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтарын дарыту қажет.

Ұлттық мүдде құндылығы Қазақстанның мемлекеттілігін нығайтуға атсалысуға, оңтайлы имиджін қалыптастыруға, еліміздің мүддесіне, қоғам игілігіне адал қызмет етуге, ұлттық мұраға ұқыптылықпен қарауға және оны дәріптеуге, қазақ тілінің аясын кеңейтуге үлес қосатын, құқықтық, экологиялық мәдениеті жоғары ұрпақ тәрбиелеуге тұғыр болады.

Ұлттық мүдде құндылығын дарыту арқылы отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл, мемлекеттік рәміздерді қадірлейтін, елінің тарихын құрметтейтін, ұлттық мұраны, мәдениетті дәріптейтін, құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары тұлға тәрбиелеуді көздейді.

Ар-ұят құндылығы этикалық принциптерді қалыптастыруға, өзін және өзгелерді құрметтеуге, өз ісіне жауапкершілікпен қарауға, мінез-құлықты нығайтуға және жауапты азамат болуға ынталандырады және мейірімділікке, еңбекқорлыққа баулуды көздейді. Өйткені білім де, ғылым да ерен еңбекпен келеді. Еңбек адам өмірінде маңызды. Адамның рухани дамуына, кәсіби әлеуетінің

жетілуіне, қоғамдық сананы жаңғыртуға, ел экономикасын көркейтуге тұғыр болады. Ар-ұят құндылығы академиялық адалдық қағидатын қолдау, адал еңбекті құрметтеу, сөзіне берік, ісіне адал болу, отбасының, өз ортасының абыройын асыру, әдеп нормаларын ұстану, шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну, достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну, мейірімділік таныту арқылы қалыптасады.

Ар-ұят құндылығы арқылы адалдықты жоғары бағалайтын, сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытатын, ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайтын, достарын, сыныптастарын сыйлайтын, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсететін тұлға тәрбиелеуді көздейді.

Талап құндылығы өскелең ұрпақ бойында мәдениеттілік, табандылық, үнемшілдік, қанағат, ерік-жігер, таза ой мен адал ниетке тұғыр болады. Сол себепті талап құндылығы білім алушылардың сыни және креативті ойлау, жеке және командамен жұмыс істей білу, білуге, жаңаны тануға құштар болу, физикалық белсенді болу, салауатты өмір салтын ұстану, технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету, дұрыс қарым-қатынас орната білу, уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау дағдыларын дамытуға бағытталады. Талап құндылығы құндылығы арқылы жан мен тән тазалығын сақтайтын, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінетін, қоршаған орта тазалығын сақтайтын, ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылығы жоғары, ізденімпаз, жасампаз тұлға тәрбиелеуді көздейді.

Жоспар бойынша төмендегі шаралар өткізілді:

**21.09.2023 жылғы ✓ 2-4223 хаты негізінде мектебімізде Нашақорлыққа және есірткі бизнеске қарсы күрестің 2023-2025 жылдарға және Нашақорлықтың алдын алу бойынша 2023 жылға аиналған іс шаралар өткізілді.**

Нашақорлық тың алдын алу мақсатында Нашақорлық ғасыр дерті түсінік жұмыстары жүргізілді.

**Қатысқан оқушы саны: 15**

Мектемізде қызылшаның алдын алуға, вакцинацияның маңыздылығын түсіндіру мақсатында жалпы ата аналар жиналысы ұйымдастырылып өткізілді. Онда мектеп медбикесі "Қызылшаның таралу жолы, этиологиясы сақтану шаралары" тақырыбында баяндама оқып, слайд арқылы көрсетті. Себепсіз сабақтан қалған, қызылшамен ауырған оқушылар жоқ.

**Қатысқан ата ана саны: 15**

Әлеуметтік экономикалық жағдайлардың күрделілігіне қарамастан, отбасы балаларды әлеуметтендірудің негізгі институты болып қала береді. Ата-аналардың қазіргі әлеуметтік-экономикалық шындыққа қаншалық бейімделе алатынынан және позитивті ата-ана болу құзыретін қаншалық дамыта алатынынан біздің мемлекетіміздің балалары мен жастарының толыққанды дамуы мен жалпы әл-ауқаты қамтамасыз етілетін болады.Позитивті ата-ана мәдениетін дамыту республиканың білім беру ұйымдарының педагогтарымен өзара іс-қимылда жүзеге асырылуы мүмкін. Позитивті ата-ана мәдениетінің мәні – баланың терең түсінігінде, оның қажеттіліктерін, тілектерін, белгілі бір мінез-құлықтың себептерін, жеке тұлғаның толыққанды дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасауда. Позитивті ата-ана – достық қарым-қатынасқа негізделген ата-ана стилі, бала мен ересек адамның қолдауы, өзара ынтымақтастығы. Мұндай тәсілдің нәтижесі – орталықтың мақсаттары мен міндеттерінде көрініс табатын біздің қоғамның басты байлығы ретінде балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету.

**Педагогикалық қолдау орталығының мақсаты:** балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуде мемлекеттік орта білім беру ұйымдары мен ата-аналар арасындағы тиімді өзара іс-қимыл үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

**Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының міндеттері:**

1)балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуға бағытталған ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдау көрсетуді ұйымдастыру;

2) білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы балаларды тәрбиелеу мен дамытудағы өзара іс-

қимылды нығайту;

3) отбасылық тәрбие процесінде балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету бойынша ата-аналардың уәждемесін арттыру.

Бұл ретте баланың әл-ауқаты оның физикалық және психикалық денсаулығын қолдауға және жақсартуға, сапалы білім берумен, даму мүмкіндіктерімен, қауіпсіздігімен және басқа да жағдайлармен қамтамасыз етуге бағытталған факторлардың жиынтық әсері кезінде қалыптасқан жағдай ретінде қарастырылады.

**Орталық қызметінің принциптері:**

● Ұлттық мәдениет, құндылықтар мен дәстүрлердің сабақтастығы;

●Үдерістің гуманистік бағыттылығы;

● Ата-аналарға дифференциалды және жекелей қолдау көрсету;

● Заманауи ғылым мен тәжірибенің озық үлгілерін пайдалану;

● Әлеуметтік серіктестікке басымдық беру, ресурстық ұйымдар мен білікті сарапшыларды тарту.Орталықтың қызметі балаларды тәрбиелеу және дамыту мәселелерінде ата-аналардың және балалардың басқа да заңды өкілдерінің құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған.

Бүгінгі таңда әр отбасына өз әлеуетін ашуға көмектесу, ата-аналардың алдында тұрған мәселелерді шешуге жәрдем беру маңызды. Бұл жағдайда келесі факторларды ескеру қажет:

1. Әр отбасының мықты жақтары мен маңызды практикалық дағдылары бар.

2. Ауызбіршілігі күшті отбасы кез келген қиындыққа төзімді болады.

3. Тіпті қиын кезде де ата-аналардың көпшілігі балаларын жақсы көреді және оларға қамқорлық жасайды.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау Орталығының бағдарламалары балаларды тәрбиелеу және дамыту бойынша ата-аналық міндеттерді орындауды жеңілдетуге, ата-аналар мен балалардың нақты өмірде кездесетін мәселелерін шешуге ықпал етуге арналған. Тыңдаушыларына отбасының әлеуетін ашуға арналған идеялар мен құралдар, сондай-ақ балалармен табысты қарым-қатынас жасау, жеке тұлғаны дамыту үшін қолайлы орта құру тәсілдері ұсынылады. Қатысушы ата-аналар балалардың мінез-құлқының қалай өзгертетінін біледі, баланың мінез-құлқындағы қажетті өзгерістерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін әдістерді үйренеді. Ата-аналар балаларымен қарым-қатынастың экологиялық таза тәсілдерін меңгереді, бір-бірін тыңдау және есту қабілетін дамытады, балалардың өздерін қауіпсіз сезінуіне көмектесетін шектеулерді қалай қою керектігін түсінеді, отбасындағы қарым-қатынасқа жаңа көзқараспен қарайды.

Орталықтың тақырыптарымен танысу бойынша болатын кездесулер және ата-аналардан алынатын сауалнама осы жылдың 15 қыркүйегіне дейінгі кезеңде әр түрлі жастағы: 1–4 сынып; 5–9 сынып; сынып оқушыларының ата-аналары үшін жүргізіледі.

Әр бағдарлама жылына сегіз сабақты қамтиды, олардың екеуі үшеуі мектептің өзіне қатысты

мәселелер мен тақырыптар бойынша өткізілуі мүмкін.

Орталықтың сабақтары кестеге сәйкес, әр түрлі формаларды қолдана отырып, жеке өткізіледі. Орталықтың қызметіне белсенді ата-аналарды, аға буын өкілдерін тарту көзделген.**Ата аналарды педагогикалық қолдау орталығы мектебізде ашылды. Ата аналарды педагогикалық қолдау орталығы туралы толық мағұлмат берілді.**

**Қатысқан ата ана:17**

**Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша өткізілген іс шаралары:**

2023 ғы 18.08.№2-0311-23-00512 хатына сәйкес төмендегідей шаралар жүргізілді:

Мектебіміздің мамандары ПБ-нің қызметкерлерімен бірлесіп құқық бұзушылықтың алдын алуға байланысты қоғамдық рейдті уақытылы жүргізеді.

📌Мақсаты: Түнгі уақытта кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдерді заңды өкілдерінсіз көшелерде жүрмеуін, сауда – саттық дүкендерде алкогольдік пен темекі өнімдерін 21-жасқа толмаған азаматтарға саттырмауды қадағалау.

Өскелең ұрпақтың құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру барысында «Сыбайлас жемқорлықсыз әлем» тақырыбында тәлімгер адалдық сағатын өткізді.

А. ж. 26 – 27 қыркүйек күндері облыстық орталығының теологі ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің басшысы діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу жұмыстарын жүргізуде.

Теолог мектеп оқушылары және мұғалімдерімен «Діни сауаттылық – экстремизммен күресудің басты құралы» тақырыбында кездесу өткізді.9-сынып оқушыларымен және мектеп мұғалімдерікездесіп «Жастарды жат көзқарастығы түрлі діни ағымдардың идеологиясы мен пікіріненсақтандыру» тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Жалпы ата-аналар жиналысы

Ағымдағы жылдың Қазан айының 12 күні « Дана » ақпараттық, талдау орталығының теолог маманы мектептің ата-аналармен кездесті.

Теолог мемлекеттің дін саласындағы саяси бағыттары, дін мен мемлекеттің ара-қатынасы, елімізде тыйым салынған діни-экстремисттік ұйымдар туралы маңызды ақпараттармен бөлісті. Ата-аналар тарапынан қойылған сұрақтарға толық жауап беріліп, тақырып аясында талқылау жұмыстары жүргізілді.

\

Өткізілген ата-аналар жиналысы:

📌Тақырыбы: “Мектеп, ата-ана, бала арасындағы байланыс”

✅ Мақсаты: Ата-ана мен бала арасындағы байланысты нығайту; Ата-аналарды балаларға жауапкершілікпен қарауға шақыру.

А.ж. қазан айының 17-сі күні мектебіміздің 8-9 сынып оқушыларына құқықбұзушылықтың алдын алу аясында ауыл инспекторы кездесу өткізілді. Отырысқа сынып жетекшілер, мектеп психологы , мектеп медбикесі қатысты.

Мектеп психологы оқушылар арасында белең алып келе жатқан буллинг тақырыбында сөз етіп, оқушыларды жақсы қарым-қатынаста болуға шақырды.

Мектеп медбикесі нашақорлықтың алдын алу мақсатында оқушыларға зиянды әдеттер туралы түсінік жұмысын жүргізді.

**Қауіпсіз терезе бойынша өткізілген шаралар:**

білім басқармасының 18.10.2023 жылғы №2/5639 хаты негізінде терезелерден балалардың түсу фактілеріне жол бермеу және жолдағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында ата-аналар жиналысында түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, ақпараттар берілді.Оқушылармен құқықбұзушылықтың алдын алу, ұрлыққа жол бермеу мақсатында жұмыстар жүргізіліп, пікір

алмасу болды. Өткізген мектеп психологы әлеуметтік ұстаз Бастауыш сынып оқушыларымен «Абайлаңыз балалар!» тақырыбында жолда жүру ережелерін есте сақтауға, жол ережесін бұзбауға тәрбиелеу мақсатында тәрбие сағатын өткізді.

2023-2024 оқу жылында жасөспірімдердің мінез-құлқында кездесетін келеңсіз жағдайлардың алдын алу, түзету-дамыту жұмыстарын жүргізу, өз-өзіне сенімділіктерін арттыру мақсатында жылдық жоспар құрылып жұмыстар өткізілді.

«Сенім жәшігі» мен «Сенім телефоны» Мектепте орналасқан. Уақытымен қаралып акт жасалып, журнал толтырып отырылады. Келіп түскен өтініш хаттар болған жоқ. Қыркүйек, қазан айында оқушылардағы мазасыздықты, депрессияны, қорқыныш, үрейді анықтау мақсатында мектеп психологі. «DASS» сауалнамасы 8-9-сыныптан, «Зунге» 5-7-сыныптан «Р.Гудман» сауалнамасы, 8-9 сыныптардан алынды. Нәтижелері қалыпты. Қаңтар, ақпан айларында сауалнамалар қайта алынды. Нәтижелері қалыпты.

